

**2018-2020 жылдарға арналған  
Байғанин аудандық бюджетін бекіту  
туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік Кодекстің 9-бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 - бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «2018-2020 жылдарға арналған Байғанин ауданының бюджеті тиісінше 1, 2 және 3 қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2018 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 4 612 426 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер – 3 605 510 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 4 990 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 4 500 мың теңге;
  - трансферттердің түсімдері – 997 426 мың теңге;
- 2) шығындар – 4 612 426 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредит беру – 19 471 мың теңге, оның ішінде:
  - бюджеттік кредиттер – 30 631 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу - 11 160 мың теңге;
- 4) қаржы активтерімен жасалынатын операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге, оның ішінде:
  - қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) - 19 471 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) - 19 471 мың теңге;

2. 2018 жылға бөлінген салықтардан түскен жалпы соманы бөлу мынадай мөлшерде белгіленсін:

- 1) төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 50 пайыз;
  - 2) әлеуметтік салық бойынша 50 пайыз;
3. Қазақстан Республикасының «2018-2020 жылдарға арналған Республикалық бюджет туралы» Заңының 8- бабына сәйкес:
- 1) жалақының ең төменгі мөлшері – 28 284 теңге;
  - 2) жәрдемақыларды және өзге де әлеуметтік төлемдерді есептеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айыппұл санкцияларын, салықтарды және басқа да төлемдерді қолдану үшін айлық есептік көрсеткіш – 2 405 теңге;
  - 3) базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу үшін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 24 459 теңге болып белгіленсін.

4. Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер - 30 631 мың теңге;

5. 2018 жылға арналған ауданның жергілікті атқарушы органының резерві -20 564 мың теңге болып бекітілсін.

6. 2018 жылға арналған аудандық бюджетті атқару процесінде секвестрге жатпайтын аудандық бюджеттің бюджеттік бағдарламаларының тізбесі 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

7. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округ әкімі аппараттарының бюджеттік бағдарламалары 5 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

8. 2018 жылға арналған аудандық бюджетте ауылдық округ әкімі аппараттарының бөлінісінде жергілікті басқару органдарына берілетін трансфертер 6 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

9. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.